



Владимир Дмитриевич  
Лавриненков

# Қайта оралу

ӘСКЕРИ МЕМУАР



«Жазушы» баспасы

Алматы — 1977

Қазақшаға аударғандар  
Қасым Қайсенов пен Уәқап Қыдырханов

*Кітапты әдеби өңдеген А. М. ХОРУНЖИЙ.*

**Лавриненков В. Д.**


Л 13 Аспанға қайта оралу. Эскери мемуар. Қазақ аударғандар Қ. Қайсенов пен У. Қыдырханов. Алматы, «Жазушы», 1977.

118 бет.

Бұл кітапта совет авиаторларының Сталинград, Ростов, Шығыс Пруссия, Берлин аспанындағы шайқастарда жасаған тебірене әңгімеленеді. Оның авторы Совет Одағының Батыры арт алған Владимир Дмитриевич Лавриненков — ересен ерлік тағдыры таңғажайып қаһарман адам Бұрын жаудың жиырмас самолетін атып түсірген әуе соғысының тәжірибелі тарланы дың авгусында «Фокке-Вульф 189» самолетін самолетімен ұртті де, закымдалған өз истребителінен қарғып шығып, жаалған жерге түсуге мәжбүр болды. Оның өз бөліміне қайтып партизандар көмектесті. Айқасты ол Берлинде бір-ак аяқта

Кітапта жас ұшқыш-истребительдің қалыптасуы мен шыңдау жолдары көрсетіледі.

Л 70302  
402(07)77



## **ҚОШ, ЧЕРНИГОВ...**

Көк жамылған көктемгі көше, жалғыз қабат жатаған кірпіш үйлер, адам тасыған тарантастар, жолдарда леклегімен сап түзеп, сартылдап өтіп жатқан көгілдір петлицалы жас курсанттар, колонналары жаңғырыққан жорық әндері, төбесіне он екі зеңбірек орнатылып, қалқып тұрған жасыл жота, ал, төңірегінде толып жатқан лашықтар... Чернигов дәл осындай суретімен менің жадымда жатталып қалған. Ал мен оған ең әуелі Чугуев әскери үшқыштар училищесін бітірген бір топ адаммен бірге, Черниговтағы үшқыштар училищесіне нұсқаушы болып тағайындалған 1941 жылдың январында, қаланы аппақ қар басқан қыста келгем.

Шынымды айтайын: бұл тағайындаудан айдарымнан онша жел есе қойған жоқ. Өйткені менің ойым басқа болатын. Училищеге алдымен аэроклубты бітіріп, үшуды тәп-тәуір игеріп барып келгемін. Басқа көптеген сабактарым сияқты, оқып жүрген кезде мен де ә дегенде Халхин-Голге, одан Карел мойнағына қарай қанат қақсам, соғыс самолетін алсам дейтінмін. Енді міне, аяқ астынан Чернигов, училище...

Қала десе, әскерге шақырылғанға дейін мен Смоленск, Сталино сияқты әжептәуір ірі қалаларда тұрғам. Оларға қарағанда Чернигов дегениңіз не, тәйірі. Дегенмен осы бір шағын қала менің есімде мәңгі қаларлықтай болды.

Әз өміріміздегі маңызды өзгерісті бір ресторанда атап өттік. Соның ертеңінде-ақ әр минуты есептеулі қатал әскери қызмет басталды да кетті.

Әне-міне дегенше қыс та өте шықты. Училище жазғы лагерьге көшті. Лагерьден он шақырым жерде қалған қала енді бізді елеңдететін, өзіне тарта беретін болды. Бірақ, отряд командирі капитан Кущенко бізді еркелете, еркімізге жібере қойған жоқ. Қалаға адамдарды неғұр-

лым аз жіберсе, тәртіп бұзу да солыұрлым аз болады деп есептейтін еді де, осы бір ережені бекем тұтынатын еді ол Капитанның онысына біз өкпелей қоғамыз жок. Ол өзі тәжірибелі де батыл адам болатын Дегенмен, ондай қаталдық бәрімізге бірдей үпай да бермейтін, өйткені, біз дің бәріміз де, өз тізгінімізді өзіміз ұстай алатаңдай ересек едік.

1941 жылдың жазы жайдары басталды Шілденің шыраилы күндері құліп атып, көркейіп батын жатты. Эве үнемі ашық болып тұрды Неге екенін кім білсін, бірак, осының өзі біздің командирге ұнай қойған жок. Ол ылғи да тұнжырап, ои үстінде жүретінді шығарды. Біз капитан Кущенконың бұрын соғысқа қатысқан адам екенін білетінбіз, оны гимнастеркасының омырауындағы ордендер де әйгілеп тұратын Сонсоң оның көңіл күйін байқайтынбыз да, біз де ләм демейтінбіз Ал, көбірек қадағалап жүретіндер, оның училище бастығында болатын жиналыстардан кейін тіпті тұнжырап кететінін аңғаратын.

Бірде капитан бізге

— Оқ дәрі исі шығады, жігіттер Жаумен жағаласуға дағынсындар ма? — дегені бар

— Байбалам, бос үрей,— деп күбірледі мәнің қатарымдағы жігіт

Байбалам дайсің бе? — деп сал ете қалды командир

— Оу, біздің келісіміз қайда — деп ақтала сөйледі нұсқаушы жігіт — Москваға олардың бейбіт делегациясы келіп жүреді. Біздерді де өздериңе шақырды

Кущенко өнді бозарып, бейне бір мылтықтың қарауылынан көздел тұрған адамдай қадалып тұрып қалды.

Бәрі де дұрыс ау, шіркін дегенмен, бір мазасыз қарсанда тұрған сияқтымыз оны білу керек — Ол көңілсіз сөйлей келіп тынып қалды.

Командир сезімі алдаған жок. Не керек, кешікпей ак оған біздің де қөзіміз жетті.

Софыс қарсаңындағы ең соңғы сенбі күні мен жолдастарыммен бірге Черниговті аратап шықтым. Қаперде қатер жок. Ертенгі жексенбі де біздің еркімізде еді, біз қонақ үйде түнеп қалғанбыз. Кенет алаң елеңде отрядтан хабаршы жетіп келді.

— Тездетіндер Сіздерді машина күтіп тұр Соғыс басталды,— деді.

Капитан Кущенко училище қызметкерлерін тез жи-  
нап алды.

— Казір біз майданнан алыстамыз Бірақ авиацияға  
жердің қашықтығы болмайтынын сіздер жақсы блесіз-  
дер Бұгіннен бастап біздің бәріміз де майдангерміз —  
Салмақты және қатқыл сөйледі ол — Барлық самолетті  
орманға жеткізуге, жымын білдірмеи жасыруға, адам  
тұратын жер кепелер әзірлеуге, орлар қазуға бұйыра-  
мын Лагерьден ешкім алыстаушы болмасын Шатырлар-  
ды жығып, төсектерді қоймаға өткізіндер!

Бұйрықты орындауға кірістік Біздің доғал тұмсық  
«И-15 бис» жеңіл истребительдеріміз қанаттаса қатар  
тұрған жаздық аэродром алаңы ә дегенше босады да  
қалды Оралған шатырлар үйіліп-үйіліп, агаشتардың  
астында жатты Ұшқыштар училищесінің курсанттары-  
мен бірге біз орманға қоштік

Нұсқаушылар онда таңың атысынан күннің батысы-  
на самолет қасында, ұша жөнелуге дайын болып, кезек-  
шілікте тұрды да, кезегі біткендер қайта келіп, програм-  
ма бойынша оқуды жалғастыра берді

Сұмдық хабарды радио мен газет те жеткізді Соғыс-  
тың алғашқы күндері мен апталарында біздің жақтың  
жағдаиы тым онды бола қоған жок Майдан Днепрге  
жақындал қалды Чернигов төбесінде немістердің бар-  
лаушы самолеттері жіңі көріне бастады Училищені Ростовқа  
көшіруге бұйрық келді Ал, мен По 2 самолеттерін  
Горький қаласына жеткізетін нұсқаушылар тобына қо-  
сылдым

### **«ТЕК МАЙДАНҒА»**

Горькийден Ростовқа біз бір аптада жеттік Темір жол  
әшелондардан босамады Бұл жерде соғыс тынысы ерек-  
ше күшті сезілетін еді

Біздің ұшқыштар училищесі атақты «Гигант» совхозына таяу бір станцияға орналасты Бұл жаңа жерде біз  
әдеттегідей шарлап ұшу, курсанттарды самолетті басқа-  
руға үйрету, нысанаға ату, қондыру сияқты жұмыстар-  
мен шұғылдандық Капитан Кущенконың айғыздаи қол  
қойып бекіткен күн тәртібінде біздің әрбір қадамымызга  
деін есепке алынған және ол сөзсіз орындалуға тиісті  
Курсантты алып, аспанға көтерілген саиын төмендегі

біркелкі орманды даға қарайтын едім де, Черниговтың бедер-белгілерін еріксіз еске алатын едім. Сол Черниговқа да фашист басқыншыларының жақындағанын ойлад, қамығып кететін едім. Август айының соңғы бұлдыңғыр бір күнінде біз әуеден әдеттегіден бөлек бір самолет гүрілін естідік.

— Мынау «юнкерс»,— десті біреулер.

Содан екі-үш күн өткен соң біздің аэродром үстінен ап-ашық кезде ешбір тайсалмастан-ақ немістің қос моторлы «Хейнкель-II» бомбылаушы самолеті ұшып өтті. Тіпті біз оның қанатындағы кресіне дейін анық көрдік...

Мен капитан Кущенкоға майданға сұранып рапорт бердім. Бірнеше күннен кейін ол мені оңаша шақырды да, училище бастығы рапорты қабылдамағанын хабарлады.

— Сен кетесің, соңсоң басқалары кеткісі келеді, соңда курсанттарды кім оқытады,— деді Кущенко мені қайтара сөйлеп.

— Капитан жолдас, мен өз орныма ең жақсы курсанты дайындаймын...

— Дайындайсың ба? Міне, бұл өте жақсы. Соны жібереміз. Батайскіге дәл қазір ұшқыш қажет.

— Батайскіге?!— қуанып кеттім мен.— Бұл дегеніңіз мына тұрған жер емес пе...

Училищедегі қызмет мені тіпті де қанағаттандырған жок. Ойдан ой туа береді. Біз курсанттарды үйретіп жүрген «И-15 бис» самолеті истребительдер полкының соғыс самолеттері қатарында жок. Газеттер әуе шайқасында «Мик», «Як»-тер мен Ил-16-лардың оқиғаларын жазады. Сонда біз осыларды кім үшін дайындаған жатырмыз?— деп сұраймын өзімнен өзім.

Енді училище бастығының атына тікелей тағы бір рапорт жолдадым. Бір жетіге дейін жауап болмады. Дәл осы мезетте менің кезекші болуыма тұра келді. Тұнде отыра қалып Сталиннің атына хат жаздым. Бірақ оны жіберудің реті келмеді. Менің бұл жолдағаным Москваға жетіп, одан хабар келгенше қанша уақыт өтетінін шамаладым да, өз үйғарымынан өзім бас тарттым. Сөйтіп, төтерек жол іздеуге кірістім.

Осы күндердің бірінде менің жау қуып, «жауынгерлік» жасауыма тұра келді. Біздің аэродромның үстінен ұшып өткен «юнкерстің» соңына түстім. А дегенде қүйрық тістесіп-ақ шыққан сияқты едім, бара-бара қара

үзіп қала бердім. Өйткені жылдамдық бірдей емес. Ол аспандауға келгенде де, жылдамдыққа келгенде де артық. Ал мен төрт мың метрге кислородсыз көтеріле алмаймын. Ол біздің самолетте жоқ. Сонсоң, қууды қоюға тұра келді.

Қайта келіп қонған соң, барлаушыны ұстау үшін бізде ең жоқ дегендеге «Як» болуы керек дегенді командирге ызалана тұрып айттым. Ал, мына «бистердің» аты истребитель болса да, бомба тиеп беріп, бізді майданға жібергені дұрыс.

Командир мені тыып тастады, бейбастақ сөйлейсің деп сөкті. Сонсоң сөзінің соңын менің жаныма тигізе қайырды.

— Қайдағы бір «Яктерді» айтады-ау,— деп кінәлады,— ал, сен ұшырып жүрген мына техникалар аэродромның әуесін таптағаннан басқа неге жарайды дейсін...

Командир сөзі мені шын селт еткізді. Мәселе бұл жерде намыста гана жатқан жоқ екен. «Ал егер мен осы аэродром үстінде-ақ мыналардың жарамсыздығын әйгілесем қайтер еді?— дедім өзіме-өзім...— Истребитель шеберлігін күнделікті жаттығу жетілдіреді демеуші ме еді, тәжірибелі ұшқыштар. Ал, біз оның бірін де жасап көргеміз жоқ қой...»

Содан көп ұзамай-ақ «юнкерстің» соңынан салпақтап қайта оралған тағы бір сэтте, әуедегі сәтсіздігіме күйініп келе жатып, осы, ұшқыш-истребительдік дағдыманнан жаңылып қалған жоқ па екенмін, деп өзімді өзім сынап көрмек болдым. Сөйтіп, бір шағын айдынды бетке алып, шұғыл шүйлігіп, тік қайта көтерілдім. Шүйіліп келіп, шанышла көтерілгенде айдын шетіндегі кеспек дәңгелеп кетті. Не үшін өйткенімді өзім де білмеймін, көптен бері қол тимеген пулемет тиегін тік самғай бере басып қалдым. Осының бәрі «мессершмиттпен» шын айқас сияқты болып шықты. Аспанда жарқылдалап оқ жолағы көрінді...

Үйлер мен бау-бақшалар, үстінен қайта ұшып өткенде мен жағаға жиналып қалған адамдарды, оның ішінен капитан Кущенконы да көріп қалдым. Командир маған тіпті өзінің мотоциклінде отырған сияқты байқалды. Арқам сұп-суық бол сала берді.

Самолетті қондырып, тоқтатқаным сол еді, мотоцикл катарласып кеп тұра қалды. Капитан көп сөйлеп жатпайтын адам болатын. Мені өзіне шақырып алды да: рұхсат етілмейтін атысың үшін бес төулік қамау,— деп хабар-

лады. Сол күні кешке мені Батайскідегі гарнizonда жаза өтеуге жіберді.

Ұрысқа еntелеймін деп, жаза тартатын болдым. Рұқсат етілмейтін төніректе оқ атқаным үшін капитан Кущенко трибуналға беретінін де ескертті... «Апрай, авиациямен қош айтысуға тура келер ме екен?!. Мен Батайскіге осындай ауыр ойлармен аттандым.

Батайскіде әлде бір әскери училище кеңейтіліп, қайта жабдықталып жатыр екен. Мені солар орналасқан үйлердің тозған сылағын түсіріп, ұсақ кірпіштерді аршуға жіберді. Кезекті бір қол арбаға құрылыс қоқыстарын тиеп тұрғанымда, өзіме қарай келе жатқан майорды көзім шалды. Командирге сәлем беруге тура келді.

Майор менің жеңімдегі ұшқыштық белгілерді көрді ғой деймін, кідіріп тұра қалды. Оның өзінде де көгілдір жиекшелер бар. Ол қос қатарланып, әдемі көрініп тұр.

— Сен кімсің? Қай бөлімненсің? — деп жылы тарта сұрады ол.

— Черниговтағы ұшқыштар училищесінің пилот-нұсқаушысы сержант Лавриненковпін, майор жолdas! — деп рапорт бердім.

— Пилот қоқыс аршып жүр де! Жөн-ак, қызметін табылған екен... Бұған неғып душар бол қалдың?

Мен не деуім керек екенін ойлап бөгеліп қалдым... Мен ол кісіні көзім түскеннен таныдым, бірақ майор мені тани қояды деп ойлаған жоқ едім. Дегенмен, біз танысып едік қой. Бір секундтік сәтте мен осының бөрін ойлап үлгердім...

Біздің училищенің аэродромы станицадан үш-ак шақырым жерде болатын. Оның тұнгі күзетіне бірнеше жауынгер мен бір командир баратын. Мен кезекте болған кеште аспанды бұлт бүркеді де нажағай ойнай бастады. Күтпеген жерден қара бұлтты қак жарып шыққандай, бір «По-2» жаңбырға шомылып шыға келді. Біздің аэродром оған сәтімен кезіккен болуы керек. Самолет сол жердегі біздің шағын командалық пунктіміз орналасқан жалғыз үйге жақында кеп тоқтағанда оның ішінен шилот-майор мен жаздық көйлек киген бір әйел шықты.

Жаңбыр астында жүгіріп барып, біз оның самолетін жел айдалап кетпесін деп қанатынан, қүйрығынан қазық қағып байласып бердік. Малмандаі су болған пилот пен оның қасындағы әйел осыдан соң командалық пунктке

келді. Командалық бөлме өте тар еді, мен оларды өз бөлмеме шақырдым. Қеросин шамның жарығында мен майорға дұрыстап тұрып қарап алдым. Оның бетіне түскен жаңа тыртық келбетіне сәл ғана нұқсан келтіргені болмаса, жап-жас жүзі жағымды екен. Майордың айтуына қарағанда, «Гигант» совхозынан өз бөлімшесіне қайтар кезде жергілікті агроном қызы Зерноградка дейін ала кетуге өтінген көрінеді.

Сол күні түнде менің білгенім: майордың фамилиясы Горбачев, аты-жөні Алексей Николаевич, соғыстың алғашқы күнгі айқасында ол жаудың бомбылаушы самолетін күйреткен, бірақ өзінің машинасын да «Мессершмитт» жандырып жіберген. Майордың госпитальдан шыққанына көп өте қоймаған, енді өзінің полкына қайта барамын деген де үміті бар екен.

Мен оның әр сөзін құштарлана тыңдадым және қатты қызығып та, қызғанып та отырдым майордың ерлігіне.

Түнде найзағай басылып, жауын толастап қалды. Күн сәулесі түсүі-ақ мұң, майор ұшу алаңын бір айналып шықты да, По-2-ні от алдырды Апирмай, мына кісі шынымен-ақ үшқысы келе ме?— деген оймен біз оған қауіптене қарадық. Алаңың әр жерінде батпақ. Доңғалақ жер қыртысын қопарып барады. Жайлап жылжи отырып, «По-2» енді қалың шөппен тартты. Ол бірталай дайындық жасады. Сөйтіп, аэродромның ең шетіне барғанда, жерден оны «бірдене лақтырып жібергендей» әуеге құрт көтеріле берді...

— Демек, бір оқиға болған гой, сержант? Неге үнде-мейсің?

Майор Горбачевтың үні мені көңілсіз оқиғаға қайта оралдырды. Майор дәлізді кезбелеп жүре бастады, мен оған қалт етпей қарап тұрмын. Ал ол жауап құтулі. Майор мен өзім жаңа ғана табалдырығын аршыған бөлменің есігінің алдына келіп тоқтады.

— Шынында да, мына жер, өзі, кеңіп қалыпты. Сіз-ау деймін, сірә, мұны тәртіпкө келтірген?— Ол жылы күлімсіреді.

- Менмін, майор жолdas!
- Колыңыздан тағы нелер келеді?
- Ұшу.
- Оны біліп тұрмын. Сурет жағына қалайсыз?
- Білмеймін, майор жолdas!
- Мүмкін, жақсы жаза алатын шығарсыз?

— Ол қолдан келеді.

— Онда, былай болсын. Мына қоларбаны апарып таста да, маған кел. Училище бастығының орынбасары деп сұра.

Мен үш күн бойы жазу жұмысымен шұғылданым. Кінәлі мерзімім өткен соң, майор Горбачев мені өзіне шақырды.

— Мен сіздің командирмен сөйлестім... Сіз өте ыңғайсыз іс жасағансыз, сержант.

— Менің бар ынтам — майданға бару ғой, майор жолдас! Әсіресе, баяғы бір нажағайлыш түнде, ұшқыштардың қалай шайқасатынын өз аузыңыздан естігеннен бері менде тағат қалған жоқ...

— Токта, токта... Демек, әлгі бір нөсерлі түні агроном екеумізді паналатқан сіз екенсіз ғой, сержант!

— Мен едім, майор жолдас!

— Иә, әрине, сіз,— майор қуанып қалды.— Бәсе, жүзініз таныс сияқты көрініп еді. Бірақ қайдан көргенімді есіме түсіре алмап едім.— Майор бөлмені бір шарлап жүріп келді де маған жақындал токтады, көзіме қадала қарады, сонсоң әкелік қамқорлықпен былай деді:

— Былай болсын, сержант Лавриненков. Біздің училище Ростовты қорғайтын истребитель полкы үшін эскадрилья құруға тиіс. Сізді сол полкқа ұшқыш етіп тағайынтаймыз. Келісесіз ғой?

— Армандағаным осы еді, жолдас майор! Раҳмет!

— Ендеше, училищенізге барыңыз да, заттарыңызды алып қайта оралыңыз. Документтеріңізді біз өзіміз бүгін-ақ сұратып алдырамыз. Ертең тәңертең осы жерден табылатын болыңыз.

Училищеге мен жылдам-ақ жеттім. Жиналудым да ұзакқа созылған жоқ. Чемоданға шлем, планшет, етік, курткаларымды салдым да, капитан Кущенкоға келдім. Зерноградтан шақырту да жеткен екен, капитан мені көргенде сәл түнжырады да:

— Ақыры, дегеніңе жеттің бе?— деді.

— Солай болды, капитан жолдас! Полкке өз «Бисіммен» үшамын ғой деймін.

— Пулеметті бекер тексермеген болдың ғой онда?— деп енді басқаша райға ауысты.

— Солай болғаны да, капитан жолдас! Хош-аман болыңыз.

— Тілегіңе раҳмет! Ал, сержанттым, өзіңе мынадай

акыл айтайын. Есінде болсын! Тәртіп бұзғанды соғыс та жазалайды.

— Есте сақтаймын, капитан жолдас!

Кущенко менің қолымды солғындау қысты. Ол мені қызғанып түрған сияқтанып кетті.

Эрине, қызғанды, өйткені тылда қалуды кім қаласын. Бәрінің де майданға барғысы келетін еді.

Мен сырты шекпенмен қапталған өзімнің «И-15 бис» самолетіме отырдым. Абыржу айқасқа араласып кетсем, жаумен жағаласта өзімді сынап көрсем деген ынта асықтыра түсті. Басқа жастар сияқты мен де албырттықтан кенде емес едім. Ұшып келе жатып, көз алдыма жаумен бетпе-бет жағдайда жау самолетін құйрығынан да, бүйірінен де күйретіп жүрген өзімді көремін. Мен өзімді дәл солай атысуға қабілеттімін деп есептеймін. Бірақ бірінші айқастан кейін-ақ мәселенің бәрі мен ойлағаннан әлде қайда басқаша, мен көздегеннен алыста жатқанын байқап қатты қынжылатынымды мен ойламаппын.

Мен истребитель ұшқыштары полкы жіті жасақталып жатқан Кущевкоға келіп қондым. Онда әзірше бір эскадрильяға жететін ұшқыштар ғана жиналыпты. Олардың командирін де таптым. Ол да өзім шамалас жас ұшқыш екен, дәрежесі лейтенант. Мен өзімді таныстырдым.

— Толықтыруға келдім де? Ұшқыш-нұсқаушымын дейсің бе? Өте жақсы.— Ол қуанып қалды.— Ал, қазір асханаға бар да әдемілеп тұрып тойып ал. Түріне қарағанда, училище тым жарыта қоймаған сияқты ғой...

Асханаға кіріп келгенде тәтті дәмнің иісі мені есенгіретіп жіберді. Қасыма келген даяши менің осынша дал болып отырғанымды аңғарды білем:

— Шегініп бара жатқанымыз жоқ па... Азық-түлікті жауға қалдыруға болмайды.

— Шегініп барамыз...— Сол бір жалғыз сөз-ақ менің тәбетімді тайдырып жіберді.

Келесі күні таңертең бізді эскадрилья командирі жинап алды. Эскадрильяның соғыстық жүйесін тақтаға бормен сыйып көрсетіп, ұшу маршрутын аңғартты.

— Тоғыздық тәртіппен, батыс Ростовтың Синявка ауданынан ұшамыз. Фашист танкілері шоғырланған жерге бомба тастаймыз. Бомбалуға келгенде әркім нысанасын өзі табатын болады. Белгі — брондағы крест.

Он минуттан соң, біз кабинелерімізге жайғасып та үлгердік, ұшуға белгі күтудеміз. Мен ең әуелі бомбы тастауға арналған рычагты тауып алдым да, осы кезге дейін колым тимеген сол тетікті ақырындаң ұстап көрдім. Көптен аңсаған осы бір ұшу қалай орындалар екен деші, шіркін! Маган және өзара әлі танысып та үлгемеген менің жолдастарыма не берер екен?

Менің ойымды ұшуға берілген белгі үзіп жіберді. Аспанға жасыл ракета атылды.

Алғашқы үштік мәреге шықты. Дала аэродромында шаң құйындаң кетті. Алдыңғы машиналар көк жиекті көрсетпей таstadtы. Мен ақырғы звеноның ең сонында ұшуға тиіс едім, бар күшінді салып, қатардағы өз орнымыды сактауға тырыстым. Бірақ, бәрі бір кейіндең қалдым, енді оларды әуеде қуып жетуіме тура келді. Кейін байқасам, «Мессершмиттке» артта қалушылар көбірек жем болады екен. Бірақ, бұл сәтте ол менің ойыма да кірген жок. Өйткені бұрын мен «Мессерлердің» атқыштығын білмейтінмін, тіпті оның беті-жүзін де көрмегем...

Ростов маңына жеткен соң біз Сенявкеге қарай бұрылдық. Эр-берден соң алдымыздан тұтасқан майдан шебі көрінді Артиллерия залпының алаулары мен снаряд жарылыстары, өрттер көріне бастады.

Төмен қарап танктарды да байқадық. Бірақ, бір жағым мың метр биіктен оның кімдікі екенін айыру оңай болмады. Міне, алғашқы үштік шүйіле бастады. Бомба тастап, қайта жоғары шықты. Онан соң екінші топ шүйіліп көтерілді. Кезек бізге келді. Жерге жақындаң келгенде, мен танктердің бортынан ақ, қара крестерді байқап, тиекті тартып қалдым. Бомба түскен соң самолет жеңілдеп, басқаруға оңайладап сала берді.

Тапсырма орындалды, енді үйге қайтуға да болады. Сонда, бар болғаны осы ма, онда оңай шаруа екен ғой..

Бағытты құрт бұрып, мен енді жоғарылауға тырыстым. Дәл осы кезде арқамнан құмырска қаптап келе жатқандай болды. Менің үстімде жиырма шакты самолет түйдектеліп келе жатыр. Тіпті бір ғаламат машина аткан жебедей зулап жанасалай берді. Мен оның қабырғасындағы сары кресті ап-анық көрдім.

«Мессершмитт!»— деген ой сап ете қалды. Енді не істей керек?

Дәл осы сәтте «Мессердің» жанасалап бара жатқан біздің бір «И-15 бисті» қысқа очередпен ғана жандырып

жібергенін аңғардым. Онансоң, әрегіректе тағы бір самолет құлай бастады. Кімнің кімді құлатып жатқанын аңғару кын. Бәрі айқасып, араласып, аспан от құшағына оранды да қалды. Бірақ оны анықтап жатуға уақыт қайда? Енді екі «мессер» менің өзімді қыспакқа ала бастады. Менің оң жағымнан жақындаған келген самолет мениң өте бергенде оған сәл бұрылдым да пулеметті сақылдатып қоя бердім. Атқылағаным сонша, пулемет өзі тоқтағанда барып, қолымды бір-ақ босаттым. Оқ таусылды, ал «мессер» әлі иықтап келеді. Міне, мені атыс қаруылына қауымдан әкеліп те қалды. Осы кезде мен самолеттің жылдамдығын әдейі тежедім де, жерге дейін тастап жібердім. «Мессер» соңымнан дүрсө қоя берді. Мен олай бір, бұлай бір бұлталактап, ағаштардың төбесімен тарттым. Фашистер ата бастады, бірақ олардың оғы маған дарымай, батпақты, топыракты осқылап, лай суларды аспанға шашты.

Бақытым бар екен. Осынау бір ауыр қыспактан да құтылып кеттім. Оның өзі ғайыптың ісіндей болды. Неміс үшқыштарының оғы таусылды ма, әлде жанар майлары сарқылды ма, әйтеуір, олар мені өз жайыма қалдырды да кете барды. Бірақ мен оған сенгем жок, немістердің бұл да бір құлығы шығар, қайта тап берер, деген үреймен жан-жағыма жалтақтап қарай бердім.

Сұмендеген күйімде өзіміздің аэродромға да кеп қондым-ау, әйтеуір. Самолетті сәл жүгіртіп барып тоқтауым керек еді, бірақ, самолетім оң қанатына қисая барып құлады да, тұмсығынан шаншыла тоқтады. Өзім орындыққа танулы едім, қозғалуға қорықтым, егер самолет аударылып кетсе, опат болуым сөзсіз еді.

Бірақ, маған бұл жерде де сәті түсті. Жүк машинасына отырған авиа мамандар тез-ақ жетіп келді. Олар самолеттің қүйрығына арқан тастап жіберіп, тартты, сөйтіп, самолетті бауырынан жатқызды. Сөйтсек, неміс снарядтары оң жактағы дөңгелегін үзіп кетіпти. Ал мен «И-15 бистің» дөңгелек түсіретін тетігі істемеген жагдайдың өзінде, оны сезбеппін.

Сөйтіп, бәрі де сәтті аяқталды. Бірақ осы бір алғашқы қындыққа қатты қынжылдым және үшқандар ішінен қайта оралмагандары бар екені де қабырғамды қайыстырып жіберді. Кешке дейін аэродромда өзімнен өзім абыржып, мазасыздандым да жүрдім. Ал, кешкеп таяу үш үшқыштың келіп жеткенін көргендегі қуанышты сұрамаңыз.

Бір күйініштің бір сүйініші болады деген рас екен. Олар парашютпен қарғып әйтеуір, аман қалыпты.

Бірінші айқас мені дұрыстап ойлауға мәжбүр етті. «Е, шырағым, көрмегенің әлі көп. Асығыстық жасасан, бүгінгіні ертең де көресің» дегендей болды. Тәжірибесіз соғысқа ену — қанатсыз аспанға талпынумен бірдей. Ал, бірінші қыспақтан мен әйтеуір жақсы ұша білетіндігіммен, техниканы тәуір басқара алатындығыммен ғана құтылды. Бірак, ол мұлде жеткіліксіз ғой. Ұшқыш сонымен бірге тактиканы да жете меңгеруі, шебер ата білуі, звенолар ара бір-біріне қол берудің де бар тәсілін игеруі керек. Демек, осының бәрі менің енді үйренетін ісім...

Ұмытылмайтын осы бір күннің оқиғасы мынадай тығырыққа әкеп тірепті. Оны біз сол күннің кешінде білдік. Адамның және техниканың жетіспейтіндігінен енді полкті толықтыру жұмысы тоқтатылды. Жаңа келген ұшқыштардың бір бөлігін Сталинградқа жіберді де, ішінде мен де бар, екінші бөлегін училищеге қайтуды ұсынды.

Оқиғаның бұлайша бет бұрысы маған ұнаған жок. Мен өзімді Сталинградқа жіберуді тілең отырып алдым. Сәті түскенде, командование менің бұл тілегімді қабыл алды.

Сталинградқа келгесін мен бірден Гумрак аэродромына тарттым. Бірак, ұшу алаңының аңырап бос түрғанын көргенде қатты таң қалды. Аэродром жаңындағы қазармада жалғыз ғана үй сыйрырушы жүр.

— Осында тұратын боласыз ба? — деп сұрады ол маған қарап. Мен басымды изедім.

— Бос төсек көп, тандағаныңызға орналасыңыз.

— Ал, ұшқыштар қайда кеткен өздері?

— Қаруланып, бір жаққа кетті ғой, әйтеуір.

Кешке таяу бірнеше адам келді. Олардың ішінен мен Чернигов училищесінде бірге істеген достарым — Чучвага, Нагорный, Гуляев және Стаценколарды көріп, қуана қауыштым. Олар өздерінің әуе соғысына қарсы қорғаныс полкына жазылғандарын, бірақ ол полк әлі жасакталып болмағанын айтты.

Сталинградқа келе жатқанда мен тұра жаңа машина алармын, кала тәбесінде көріне бастаған «юнкерстерді» сонымен құлататын болармын деп ойлағам. Бірақ, бәрі де басқаша болып шықты. Әуе соғысынан қорғаныс полкына мені де жазды да, бізді енді әуе соғысынан қорға-

нудың тәсілдері мен құралдарына қайта жаттықтыра бастады.

1942 жылдың көктеміне дейін біздің полк өздерінің «бистерімен»— Стalingрадқа жақын бір аэродромда тұрды. Анда-санда жаудың барлауға шыққан жекелеген самолетін ұстауға шыққанымыз болмаса, ұшқамыз да жоқ. Рас, оларды құтқармайтын болсақ та, өзімізді кемелдендік деп санамай жаттығуды жалғастыра бердік. Ең бастысы — Поволжъя ауданын жақсы игердік. Гумрак казармасында жарты жылдай жаттығу, жарлар мен жыраларды шарлап ұшу, өзендер мен далаларды, ауыл-селоларды барлау, тіпті, қала үстінде қалықтау... осының бәрі Стalingрад шайқасында үлкен көмегін тигізген тәжірибе болды.

1942 жылы көктемде біздің эскадрильяны полктан бөліп, Стalingрадтан екі жұз шақырымдай батыска апарды. Бізге бұл жерде Стalingрадқа бет алатын жау самолетін алыстан тосқауылдау жұмысы тапсырылды.

Біздің эскадрилья Морозовская станциясының қасындағы далалық аэродромға жайласты. Екінші күні-ақ біз ауданды шарлап ұшып шықтық. Менің жетекшім звено командирі Николай Тильченко болды.

Июньнің бірі күні біздің аэродром төбесінен дыбысы білінбейтін самолет көрініп қалды. Егер, қанатындағы қызыл жұлдыздары аңғарылмағанда біз оларды немістікі деп дұрсе қоя беруіміз ғажап емес еді.

«Як-І» дейтін истребительді біз суреттен ғана көргенбіз. Сол «ягіміз» осы болып шықты.

Аэродромдағы адамдардың бәрі жапа-тармағай жүгіріп, әлгілер қонған жерге жетті. Эскадрилья командирі капитан Корниенконың өзі бізді қуып жете беріп қуана айқайлады.

— Сүйінші, жолдастар! Біз екі «Як» алдық!

Майдан аэродромына сондай қын кезеңде Як-І-дің келе қалуын біз игіліктің өскен бір белгісі деп білдік. Сол күні біздің қай-қайсымыз болсақ та тыл көмегінің мәнін бар жаңымызбен түсіндік.

«Яктер» біздің ескі «бистерден» анадай жерде тұрды. Оте тамаша бұл жаңа машинаның артықшылықтары айтпаса да түсінікті еді, сондықтан ол жөнінде сөз де болған жоқ.

— Енді осымен ұшуды үйрену керек!— деп кесіп айтты эскадрилья командирі.

— Сонда бізді оған үйретуші кім болады? — деп сұрады Тильченко.

— Мына жаңа истребительмен кім бірінші болып үшса, сол болады, — деді Корниенко. — Мысалы үшін, мына сен десек, келісер ме едің?

— Эрине!

— Тағы кім бар? — деп сұрады командир.

Ұшқыштардың бәрі ықылас білдірісті, бірақ мәселе біз ойлағандай оп-оцай болмай шықты. Ұшуға келгендеге ғой, осылардың бәрінің де мүмкіндігі бар, жаттыққан ұшқышқа ол онша қынға соқпайтыны да іс. Бірақ, машинаны аспанда менгеру, оның мүмкіндіктерін сынаубайқау, ұшудың кейбір техникалық элементтерін орындаپ көру, сонсоң, сәтімен қондыру керек... Ұшқыр истребительдер бізге әлі таныс емес-ті. Егер, ұшамыз деп жүріп, шағып алсак, немесе бір жерін зақымдаң тастасақ, қайттік?

Командир эскадрилья Николай Тильченконы үйғарды. Звено жетекшісі екені өз алдына, ұшуға келгенде сенімді, батыл эскадрильядары ең үздік ұшқыш саналатын еді ол. Сондықтан да Корниенко жаңа «Якті» бірінші рет оған сеніп берді.

Инженермен бірге бір неше сағат бойы біз оны тексеріп көрдік. Кабинесіне кірдік, моторын қарадық. Машинаның бар жерін тінткіледік. Самолет біздің «И-15 биске» тіпті де ұқсамайды екен. Тетіктердің, басқару жүйелерінің орналасуы мұлдем өзгеше. Ең негізгі, басты жаңалығы сол — машинаның доңғалағы жиналмалы және радиосы бар.

Николай Тильченко моторды от алдырды, оны әр түрлі айналымға салып көрді, сонсоң, бізге қолын бұлғады да, кабинаның қақпағын жапты. Машинаны стартқа бұрды да, «Мен кеттім» деді радиомен. «Як» бірден шашшадай бастады.

Ұшқыштар Тильченкодан көз айырған жоқ. Самолет оған қалай бағынар екен? Звено командирі қайтадан қалай қонар екен? деген сұрақтар түрді әр кімнің көңілінде.

Тильченко жоғары-тәмен құйқылжытып ұшты, ұрыс айналымдарын жасап көрді, сонсоң қонуға оралды, доңғалақты және қалқанды түсірді. Сонсоң сүзіп барып жерге қонды. Біз тағы да жапырлай Николайға жүгірдік. Ал ол, қанаттан қарғып түсті де, басындағы шлемін жұлдып

алып, лақтырып жіберді. Соңсоң екі қолын жоғары көтеріп, озандатқан дауыспен:

— Бұл дегеніңіз, ғаламат! — деді.

Екінші машинамен менің ұшуды тұра келді. Соны біліп, Тильченко жақындағы да:

— Жерден тез көтерілуге асықпа,— деп кеңес берді.— Есінде болсын, оған бірталай жүгірту керек. Соңсоң, доңғалақты да бірден жинама.

«Якпен» мен де сәтті ұшып қондым. Содан бірнеше күннен соң эскадрильяды «Якпен» ұшуды игергендердің бәрін Гумрактағы полкке шақыртты. Ол жерге машиналарымызбен жетуге тұра келді. Тильченко екеумізді Корниенко басқадан бөліп алды. Демек, енді біз мұнда қайта келмейміз. Ал, мен оған қуаныштымын, өйткені сінді менің жауынгер-ұшқыштық нағыз өмірім басталады.

Истребитель полкының жасақталған толық құрамын Сталинградтағы Н. базасына әкелді. Ол жерде бізге авиация заводы аэродромындағы машиналарды берді. Ал, ол жерде біздің көргеніміз тіпті ғаламат болды. Жаңа «Яктер» қанаттасып, біздің көз алдымызда ұзак қатар болып, қаптап тұрды-ау, шіркін!

Бізді самолеттер алдына сапқа тұрғызды.

Маған бүйірінде «он жеті» деген жазуы бар самолет тиді. Оған шексіз қуандым. Өйткені мен өзім 17 май күні туған едім де, ол цифрды ерекше қадір тұтатынмын. Сөз арасында айта кетейін, мен соғыс біткенше, осы цифмен ұштым, ол менің бұл ырымымды онан әрі бекітіп беріп кетті.

Біздің полк сол күні-ақ ұшқыр истребительмен белгіленген жаңа орынга ұшып барды.

## ОТҚА ТАБЫНУ

Бомбылаушы По-2 бастаған ондаған самолетті қорғап біздің топ Ельцаға жақын аэродромға апаруға тұра келді. Майдан шебі бізге көрінбесе де бір талай белгілереңіне қарап, оның алыс емес екенін де сездік. Сөйтіп келе жатып, дәл қонарға таяғанда «мессершмиттің» По-2-мен келе жатқан алдыңғы звеноға тұтқыл тап бергені бар емес пе. Біздің топ бірден бытырай жөнелді.

Мен өзімнің жетекшім — Тильченкоға ілестім. Тым

шырқамасақ та біраз биқтеп кеттік. Төменде тұтасқан өрт, тулаған жер. Тильченко орман арасынан ұшу алаңын көрді де қонуға бет алды.

Алаң кең де ұзын екен. Қона салысымен бізге самолеттерді тез жасырып, бірден орманға жәнеліңдер деді.

Біраздан соң біздің кеп қонғанымыз өзімізді жіберген полктың авиадивизиясы орналасқан жер екенін білдік. Майдан шебіне жақын түрған орман да аумақты және қалың ну екен. Көптеген самолеттер мен лашықтар, аэродром құралдары және жүздей адам оның жасыл қанатын қалқалап отырыпты.

Әздерін толықтыруға келген біздерді мұндағылар қуанып, меймандостықпен қарсы алды. Ең әуелі тамактанып алуды ұсынды. Тамактанып бола бере самолеттердің зор гүрлі естілді. Майдан жақтан, шамамен үш километрдей биіктікте истребительдердің қорғауымен бомбылағыш По-2-нің бір тобы ұшып келе жатқаны байқалды. Әуе ап-ашық, тұс мезгілі болатын. Жерден әр машина анық көрініп түрді. Кенет біздің «Яктердің» төбесінде «мессершмиттың» төрттігі пайда болды. Олар біздің самолеттерге дұрсе қоя беріп, «Яктың» бірін жандырып үлгерді. Енді екіншісін қыспаққа ала бастады. Осы сэтте біздің «Яктар» әуе шебін құрып, жау самолеттерін шенберге алды. Осыны пайдаланып біз қонған аэродромнан төрт «Як» аспанға көтерілді.

Тильченко екеуіміздің тынысымыз осы кезде ғана кеңіді-ау деймін. Күш-көмек көрсететін болдық-ау әйтеуір деп қуандық.

Ал, «Яктың» шайқастағы құдіретіне дәл осы жерде біздің көзіміз жетті.

«Мессершмиттке» біздің истребительдер нажағайдай тиді. Жау самолетінің біреуі бірден-ақ жанып, лақтырған тастай құлдилай берді. Ол тұп-тура біздің аэродромның ортасына кеп құлады. Оқиға жан түршіктірді. Неміс самолетінің сынығын өз көзімен көру үшін «Мессершмитт» лапылдалап жанып жатқан жерге қарай ормандагы жүргіріп келісті.

Тильченко екеуміз бір-бірімізге қарап, тілсіз түсіністік. Ұлы Отан бізге шапшандығы көз ілеспес, өте қуатты, маневр жасау мүмкіндігі өте жоғары, қаһарлы қаруы бар, тамаша машина беріпті. Тек, сол машинаны жете менгере біл. Сонда ғана...

Сонда ғана біз фашист құзғындарының тұмсығын

тасқа тигіземіз,— деді Тильченко, менің ойымды ұққандай-ақ.

Ұшқыштардың меймандастық сына раҳметімізді айттық та біз Черново селосы жаңына орналасқан өз аэродромымызға жетуге асықтық. Оған ұшып бару онша ұзакқа созылған жок. Черновоға біздің полк түгел дерлік жиналып қалыпты. Бұл жерде бізден қанаттас жүретін тағы бір полк жасақталды. Міне, осы арадан мен үшін нағыз жауынгерлік жұмыс, жорық жолы басталды.

Командир мен комиссар бізге Воронеж майданындағы жағдайды баяндады. Сталинград түбінде қайтадан жасақталған полкті аяқ астынан мұнда әкелудің мәнісін біз сонда барып түсіндік.

1941 жылы декабрьде Москва түбіндегі жеңілістен және совет армиясының Ростов — Тихвин төңірегіндегі күшті соққыларынан соң неміс-фашист басқыншылары өздерінің резервтерін толықтырып алғып, жаңа шабуылға шабына бет алған. Москванды оңтүстігінен айналып өтіп, Россияға ішкерілеп кіріп кетеміз деген ниетпен 1942 жылы жазда олар өздерінің үлкен танк кұрамасын Воронеж ауданына бағыттаған. Гитлерлік ең таңдамалы жаяу әскер дивизиясы мен аса ірі авиациялық кұрамасында әкелген. Қызыл Армия командованиясы осының бәрін ескере отырып, жауға жойқын тойтарыс әзірледі. Ұшқыштар, мысалы, өздерін жан-жақты дайынбыз деп санауды. Жаңа соғыс техникасын біз алдық, адам жеткілікті, немістер мен шайқаса жүріп, біздің полк истребительмен соғысады да тәжірибесіне ие болды. Қайсымыз болсақ та енді соғысуға ентелеп тұрмыз.

Бірақ осының бәрі қандай қындықта басқа түсті десенізші! Әр ұшқыштың шеберлікті шындау жолы да әр алуан. Мен үшін ол қысқа да қарбалас және қатал болды. Одан мен 1942 жылдың жазындағы абыржулы әуе айқасында-ақ өтіп шыққам.

Менің кішкентай кезімде мынадай бір оқиға болғаны бар. Есуас балалар бірде есерленіп жүріп, менің қол-аяғынан үстап көтеріп, суға лактырды да жіберді. Малту дегенді білмейтін едім, бірақ суға кеткем жок. Теренге тұншыға бір сұңгігеннен кейін, жанталасып, аяқ-қолымды сермей бердім. Осы қимыл мені су бетіне шығарды, сөйтіп, жанталаса тырбандаған жүріп, жағаға да іліндім. Жаңағы әуе айқасын ойласам-ақ менің есіме осы оқиға түсे кетеді.

Мұндай жағдайды біз соғыста бастан көп кештік. Судың тереңі сияқты әуенің тұңғирыбы абыржу айқасы гой. Соғыс жас үшқышты сол тұңғирыққа таstadtы да жіберді. Біздің тағдырымызды талқыра салған да, ісімізге ұстаз болған да, кемшілігімізді кешпей қatal сыншы болған да сол соғыс.

... Таңертең біз жетекшімізben бірге шабуылшы Ил-2-ні сүйемелдең үштық. Төрт истребитель тікелей қорғап ұшатын болды да, Тильченко, мен және екі үшқыш жоғарылад шығып алатын «мессерлердің» адымдарын аштырмауға тиіс болдық.

«Сенің жұмысың мені қорғау, демек ешқайда бұра тартпайтын боласың!» деп бүйірды менің жетекшім үшар алдында. Мен, әрине, өз міндетімді білем, бірақ, әр қайсымыз өз машинамызға отырад алдында ондайды ескертіп қою ешқашан да артық емес. Мен ол туралы ұшып келе жатқанда да ойладым. «Мессершмитті» көре сала-ақ оны командирге де мәлімдедім. Ол өзінің көріп келе жатқанын айтты да биқтей бастады. Сонынан мен де көтеріле бердім. Ол машинасын бірден тік салды, өйтпеуге менің де қақым жоқ. Мұншалықты биқте бізге ешкім де шабуыл жасай алмақ емес, командир соны сезіп келеді, сондықтан мен өз басымды қорғауды ойла-май, жауға төне тұсуге әзір болым. Командирдің бүйірі - бойынша — мен ол не істесе, соны істедім де отырдым.

Енді біз «Мессершмитке» тап бердік... Жау истребительдерінің бірде бірі «Илге» қарай өте алған жоқ.

Шабуылдаушы самолеттердің соғыстық бабы мен іс үстіндегі қимылын бұл менің бірінші көруім еді. Гитлершілердің позицияларын олар күйрете соқты. Айнала ұшып жүріп, «Илдер» белгіленген объектілерді бірінен соң бірі тәпештеді-ай кеп. Бомбылаумен қоймай пулеметпен, зеңбіректен де атты.

Куанышымыз қойнымызға симады. Қайта ұшып келе жатып біз «Илдер» деңгейіне дейін төмендеп, самолеттің канаттарын тенселте, оларға сол куанышымызды білдірдік. Бәрі де, бағана командирлермен бірге штабта отырып ойластырғандай болып шықты. Бүйіркты дәл орындаі алғанымызды біз іштей мактаныш еттік.

Біз осылайша он шақты жорық жасадық. «Илдер» әр жорықта-ақ неміс техникалары мен колонналарының, артиллеријалық шептердің төбесінен жай түсірді. Мұның

өзі жердегі жауынгерлердің қимылын күшейтіп, оларға дем берді.

Біздер истребительде ұшудың осы тәртібі бұзылмайтын, қалыптасқан тәртіп болатын шығар деп ойлаған едік. Бірак соғыс жағдайында өзгермейтін іс болмайды, кім қай жерде, қай кезекте болса, сол қалпында тұра бермейді екен. Бірде шабуылдаушы самолеттерді кондырыған соң, біз аэродром төңірегінде әдеттегіше бір айналым жасадық та, енді қонуға бет алғамыз. Мен жердегі белгілерді іздестіріп, қонатын орнымды байқайыншы деп, жетекшімнен сәл кейіндеу келе жатқам. Қаперімде ештеңе жоқ, жай бұрылып артыма қарадым. Биікте екі «мессершмитт» бізге қарай ұрып келеді. Жалма-жан Тильченкоға хабарладым.

— Қайта бұрыл! Шабуылға көш! — деп айқайлады ол.

Жетекшіге қарағанда қарсыластарға мен едәуір жақын едім, сондықтан да дәл осы сәтте менің қимылдан қалуым қажет болды. Қайта бұрыла сала мен биіктей бастадым, тек биікті алсам ғана өктем болатынымды білдім. Ең бірінші аса қажетті маневрді жасаған соң, шын мәнінде менің өзім жетекші болдым. Әрбірден соң Тильченко екеуіміз де «мессершмиттерден» әлдекайда аспандап шығып алдық та, тұп-тура бұлт астынан құйыла шабуылдадық. Шашаңдық дегеніміз еш нәрсеге шалдырмастай-ак, пулеметтер де кінәратсыз жұмыс істейді. Жау машиналарын сақылдата ұзак аттық.

Аэродромға кеп қонғанда Тильченко мені өзіне шақырды.

— Сен жаңа өзің қуған «Мессердің» қалай жарылғанын көрдің ғой?

— Жоқ.

— Мықтап бердің-ау, жазасын!

— Ал, ешқайда бұрылмайсың деген бұйрыкты қайда қоямыз?

— Не десем екен, бұл туралы. Бұлжымайтын ереже болмайды. Алғашқы женісің құтты болсын! Абыржып-аптықпадың, жарайсың! — Біз штабқа жақындалық. — Өз территориямыздың аспанындағы айқаста өте-мөте сақ қимылдау керек. Жаудың жалғыз самолетінің соңына түсеміз деп жүргенде, кейде үлкен өкінішке жолығуымыз да мүмкін. Есінде болсын, тегінде, — деді.

Айқастағы алғашқы женіс — ұшқыш үшін өте үлкен

окиға. Демек, менің сол күнгі тебіренісімнің ұзакқа созылғаны таң қаларлық емес еді. Тіпті Николай Тильченко екеуміз өз жеркепемізге жатуға келгенде де мен сол бір айқастағы ұстемдіктің үлкен әсерінен айыға алмадым. Ал біздің күркешеміз өте тамаша дерлік еді. Оны өз самолетімізге жақынырақ тұсқа Тильченко екеуміздің өзіміз салып алғанбыз. Полктағы ұшқыштар мен техниктердің бәрі де сөйткен болатын.

Әркім өз білгенінше, өздері үйғарғанынша салды. Полк командирі бізден тек әйтеуір көзге түспейтін болуын, жау назарынан жасыруға ыңғайлы болуын ғана талап етті. Соңсоң өзі оқтын-оқтын біздің базаны әуеден барлад, ережені бұзғандар мен талапты орындағандарды қатаң жазалап отырды.

Тамаша дегенде біздің күркешеміз жиһаз жағынан өзгелерден артықшылығы жоқ еді, бірақ, біз оны ерекше ыстық көріп, оның жасыл шатырының астында төтенше рахат сезінетінбіз. Біз осы күркеде көп сыр шертістік, жаздың сол бір күнінде дәл осы күркешеде біздің сана-мыздан жұптасып, еркін үшу жоспары туды. Бұл ойдың авторы Николай Тильченко еді.

Менің жетекшім өте тамаша жігіт болып шықты. Ол жұмыссыз бір сәт те тыныш отыра алмайтын еді, өзін бір сәт те соғыстан қалыс ұстай алмайтын еді. Тіпті үшатын уақытты күтіп, біраз ғана күркелерде отыратын кездің өзінде Николай тықыршып, тоқтай алмайтын. Ал егер әуе райы үшуға мүмкіндік бермейтін сәт кезіксе. ол өзін қоярға жер таппайтын. Әдетте сабырлы, салмақты жігіт мұндайда күйгелек, ұрыншақ болып кететін. Ол әрнәрсеге қарап, күн райын жорамалдал, аспанның ашылуын тілеп, болжам жасап отыратын. Ал егер оған бірдене дей қалған адам болса, онымен дауласа кетуден де тайынбайтын.

Жалпы, Тильченко даукестеу жігіт еді. Эскадрильядағылардың бір талайы-ақ онымен сөз жарыстырып көрген. Соның ішінде Николаймен көбірек дауласа беретін мен болатынмын. Бірақ бұл екеуміздің айқас кезінде бір-бірімізді ұғысуымызға, көмектесуімізге кедергі келтірген жоқ. Дегенмен, қызып кеткенде ол ешнәрседен жеңілгісі келмейтін. Сөйтіп жүріп, аспандағы айқас кезінде жетекшім мені қсусдесімен қорғап жүрді. Демек, оның даукестігі, ұрыншақтығы оның жолдастық қасиетіне, өте сирек кезігетін адамгершілік қарапайымдылығына ешбір

нұқсан келтірмеуші еді. Сол кездің өзінде-ақ, кеудесін қағатындағы қаһармандығы болса да, оның аузынан өзі туралы мақтанышты ешкім естіген емес.

... Дәл осы күні бізге ешқандай тапсырма берілмеген еді, Тильченко күтпеген жерден:

— Командирге барып, ұшуға лұқсат сұраймын,— деді.

Бірнеше минуттан соң ол қуанып қайта оралды:

— «Аңға» шығуға рұқсат алдым. Кеттік. Тез машинаға отырайық!— Полк командирі сөзін қайтып алғып, ұшуды тоқтатып тастамасын деген адам сияқты жіті сөйледі.

Біз маторды от алдырдық, енді бірнеше минуттан соң аэродромнан да алыстал сала бердік. Қатарласа ұшып, қажетті биіктікке де көтерілдік. Міне, жау жаққа да өтіп үлгердік. «Мессершмиттің» бір-екеуін кездестірсек, тіпті болмаса, бірен-саран бомбалауши, немесе кездейсоқ бір транспортшыларды ұшыратсақ деген оймен бағытты анда-санда бір өзгертіп қойып аспанды сүзіп келеміз.

Бірак біз күткендей болмай шықты. «Мессершмитт-110-ның» бір алтылығы ұшыраса кетті. Олар біздің бағытымыздан сәл қыстау түстан ұшып шықты. «Мессерлермен» ара қашықтығымыз шапшаң-ақ жақындаған еді.

Бізді көре сала фашистер айқасудың басқалай тәртібіне көшіп, шұғыл бұрылыс жасады. Демек, айқасады деген сөз. Осы сәтте мен де бір кешірілмейтін асығыстық жасап алдым. Еш нәрсені ойламастан мен де бірден шұғыл бұрылдым. Ал, мені олай еткізген не еді деңізші? «Ме-110» тұра атысқа күшті екенін мен жаксы білем, сонсоң оған бетпе-бет келудің қажеті жоқ деп ойладым. Сонсоң «Як-1» тік шүйілу, шұғыл бұрылысқа да өте еп-ті, соған сендім де жалт ете қалдым. Бірак, бір-екі самолет емес, алты бірдей самолетпен бұлай соғысуға болмайтынын ойлап үлгермедім.

Тильченко басқаша кірісті. Машинаның шапшандығын пайдаланып ол бірден тік атылып, жау самолетінің күн жағына биіктеп шығып кетті. Демек ол «Як-1»-дің техникалық артықшылығын бағалай білді және өте дұрыс жасады. Ал, мен өз жетекшімнің осы тәсілдерін қолданудың, соған ерудің орнына, айқас алдындағы мүмкіндіктен өзім айрылып қалдым.

Бірнеше секунд өтті гой деймін, Тильченко «Ме-110»ның бірін атып түсірді де өзі тағы да атқып жоғарылап,